



## ЕЛ ЕРТЕҢІ ҮШІН!



## ЕЛ АҒАСЫНА АРНАЛДЫ



Ұрпақтар сабақтастығын ілгері ұластыруда ұлтымыздың ұлы тұлғаларының ғибратты ғұмырларын тәрбие тініне айналдырудың маңызы зор. Осыған орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғылыми-өмірбаяндық сипаттағы «Өнегелі өмір» сериясымен кітаптар топтамасын шығарып келеді.

Жалғасы 2-бетте

## БҰА МЕКТЕП БҰРЫНҒЫ МЕКТЕПТЕН ӨЗГЕРЕК...

Иә, өзгереді! Себебі бұл жерде шеберлік сағаттарын қатардағы ұстаздар емес, өз мамандығының майталмандары өткізеді. Бұл – ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің ұйымдастыруымен өткен II халықаралық журналистика және коммуникация қысқы мектебі.

Алатаудың баурайындағы «Тау Тұран» білім беру және сауықтыру кешенінде өткен іс-шара Біріккен ұлттар ұйымының 70 жылдығы және бүкіләлемдік Радио күніне арналып, «Болашақтың медиасы: Ньюсономика. Үрдістер. Жаналықтар» деген тақырыпта өтті. Жиынды қоғам қайраткері Мұрат Әбенев ашты. «Мен осындай мектептердің ұйымдастырылуын әрқашан қолдаймын. Бүгінгі кезеңде біз индустриялық заманнан ақпараттық заманға келдік. Бүгінгі экономиканың дамуы азаматтарға байланысты. Экономика өзгереді, адамдар өзгермейді. Осы өзгерістерді халыққа тәптіштеп түсіндіретін – БАҚ. Сондықтан БАҚ өкілдерінің осындай кездесулері – өте жақсы бастама. Біз осы арқылы жақсы орта қалыптастырамыз. Бүгінгі күні БАҚ-ты дамыту тек қана Қазақстанның алдында тұрған мақсат емес, бүкіл әлем елдерінің алдында тұрған мәселе», – деді ол.

Үш күнге созылған іс-шараның бірінші күнінен-ақ журналистік шеберлік сағаттары басталып кетті. Онда Тимур Сержанов, Мұхамедәлі Бұхарбаев, Канат Әуесбай, Ольга Каплина, Серікқазы Кәкібаланов, Өркен Кенжебек, Яков Федоров, Нұрсұлтан Құрман, Кыргызстаннан келген Аита Сұлтаналиева, өзбек елінен Фатима Муминова және әзірбайжандық Бюлбюл Әлиева сынды медиа майталмандар шеберлік-сыныптарын жүргізді.

Жалғасы 3-бетте

Әр аптаның дүйсенбісінде өтетін мәжілісте ректорат мүшелері университет өмірі мен дамуына қатысты маңызды мәселелерді талқылап қана қоймай, еліміздің ертеңі мен болашағына байланысты өзекті сұрақтарға да өзіндік үн қосып, белсенді пікір білдіреді. Осы орайда кешегі мәжілісте университет ұжымы Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы бастамаға толықтай қолдау танытты. Бұл туралы отырыста философия және саясаттану факультетінің деканы Әлия Масалимова пікір білдірді.

Дағдарыс дендемес үшін бүгінгі бастамалар мен бағдарламаларды тұрақты да табанды жалғастыру аса маңызды. Қазақстан халқының қазіргі таңдағы негізгі пікірі осы. Сондықтан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тұрақтылықтың, ауызбіршіліктің іргетасы деген ассамблеялықтар әлемдегі геосаяси ахуалды ескере отырып, президенттік сайлауды мезгілінен бұрын өткізуді ұсынды. Мұны олар дағдарысқа қарсы әрекет деп түсінетіндіктерін жеткізді. Бұл бастамаға қатысты «Нұр Отан» партиясы да өз мәлімдемесін жасап, елдегі жетекші саяси күш ретінде аталған бастаманы толық қолдайтындықтарын және халық мүддесіне сай келетін ең дұрыс шешім деп санайтындықтарын айтты. «Бүгінгі таңда Бірлік пен Келісімді, Тұрақтылықты нығайтудың, қоғам мен мемлекеттің, еліміздің барша азаматтарының күш-жігерін жұмылдырудың маңызы зор», – деп атап өтілген аталмыш мәлімдемеле. ҚазҰУ ұжымы да бұл сайлаудың барша халықты тастүйін жұмылдырып, еліміздің ертеніне, гүлденуі мен өсуіне жарқын жол ашарына сенімді. Жиында сөз сөйлеген Әлия Масалимова: «Қазір әлемде толқу бар, мұнайдың бағасы төмендеуде, геосаяси жағдай

тұрақсыз. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысының да лебі сезіледі. Қазақстан жаһандық дүниенің бір бөлшегі ретінде сыртқы теріс ықпалдардан тыс қала алмайды. Біз қазір Ұлт көшбасшысының төңірегіне топтасып, бірігуіміз қажет. Біз еліміздің жетекші университетінің ұжымы ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізу туралы бастамасын бір ауыздан қолдаймыз», – деді.

Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы да бұл сайлаудың ел болашағы үшін маңыздылығына кеңінен тоқталды. Әлемдік ахуалға орай дереу шешім қабылдау қажет. Сондықтан бірінші проректор ҚазҰУ ел өміріндегі тиімді шараларды қабылдауда әрқашан алдыңғы қатардан табылатындығын айтты. ҚазҰУ жастары да өз кезегінде Қазақстан жастарына Қазақстан халқы ассамблеясының елімізде кезектен тыс сайлауын өткізу туралы бастамасын қолдау туралы үндеу жариялады.

Сондай-ақ мәжілісте физика-техникалық және заң факультеттерінің индикативті жоспарының орындалу барысы қаралып, өзге де сұрақтар талқыланды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

### БҮГІНГІ САНДА:

КАЗНУ – ЦУКУБА:  
КАМПУС В КАМПУСЕ



2-стр.

### БҮГІНГІ САНДА:

ДИПЛОМ ЕСТЬ,  
А ЧТО ДАЛЬШЕ?



5-стр.

### БҮГІНГІ САНДА:

«ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ  
СЛУЖБА И СМІ:  
МИФЫ И РИФЫ»



8-стр.



# КазНУ – Цукуба: кампус в кампусе

**В Японии (г.Токио) на международном симпозиуме «Роль университетов в период глобализации: в поиске новых направлений» ректор КазНУ им. аль-Фараби академик Галым Мутанов презентовал опыт интернационализации ведущего университета Казахстана.**

КазНУ наряду с 11 вузами стран постсоветского пространства принял участие в мероприятии в рамках грантового проекта Университета Цукуба «Глобальная образовательная программа для подготовки кадров в экономической и научной сферах по мультилингвистической системе в Японии, странах СНГ и Балтии».

На мероприятии с приветственным словом выступили Чрезвычайный и полномочный Посол РК в Японии



Акылбек Камалдинов, а также дипломаты России, Узбекистана и Белоруссии. Поздравления участникам симпозиума прозвучали от департамента высшего образования Министерства образования, культуры, спорта, науки и техники Японии и департамента Европы МИД Японии.

Важным событием поездки стало подписание ректорами КазНУ Галымом Мутановым

и Университета Цукуба Нагата Кесукэ меморандума о сотрудничестве «Инициатива кампус в кампусе». Согласно документу каждый вуз предоставляет свой кампус для университета в целях обмена исследовательскими и образовательными ресурсами. Договор, подписанный на ближайшие пять лет, позволяет мобильно использовать научно-образовательную базу двух вузов в подготовке специалистов и реализации совместных проектов.

На встрече стороны также выразили намерение открыть Центр по изучению Японии и Центральной Азии при кафедре Дальнего Востока и Южной Азии факультета востоковедения КазНУ.

**Н.Б. ЕМ,**  
зав. кафедрой  
Дальнего Востока  
и Южной Азии КазНУ,  
Цукуба (Япония)

## Алғыс білдіреміз!



Біз, Санжар Асфендияров атындағы Қазак ұлттық медицина университетінің студенттері, «Тарих» пәнін ҚазҰУ-да оқығанымыз үшін өте қуаныштымыз. Осы сәтті пайдаланып кереметтей жоғары оқу орнында дәріс алуға мүмкіндік берген ректорымыз Айқан Акановқа, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановқа зор алғысымызды білдіреміз.

Сондай-ақ ұстаздар – Еділ Ноянұлы, Лейла Мараловна мен ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің ұжымына айтар алғысымыз шексіз!

Білім – теңіз. Сол теңізден біз білмейтін дүниені, тарихтың қыр-сырын ашып, мол мәлімет бергендеріңіз үшін, жүректерімізге патриоттық сезімді ұялатып, Отанды сүйеге баулығандарыңыз үшін сіздерге үлкен рақмет!

**С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ**  
атындағы ҚазҰМУ-дың  
15-топ студенттері

Жалғасы. Басы 1-бетте

## ЕЛ АҒАСЫНА АРНАЛДЫ

Саналы ғұмырын халыққа қызмет етуге арнап, үлкенге – іні, кішіге – қамқор бола білген ел ағасы Кеңес Аухадиев жөніндегі осы серияның кезекті кітабының тұсаукесері оқу ордамыздың Ақт залында үлкен шығармашылық өрлеу үстінде өтті. Жиынды ашқан университет ректоры, академик Ғалым Мұтанов туынды кейіпкерінің өмір жолына кеңінен тоқталды. Еңбек жолын кеңшарда трактор-егіс бригадасының жетекшісі ретінде бастап, өндірісті ұтымды ұйымдастыру арқылы көп көңілінен шыға білген жігерлі жас аудандық, облыстық комсомол комитеттеріне, республика жастар ұйымына жетекшілік еткен. Алматы қалалық атқару комитетін және Алматы облыстық партия комитетін басқарған жылдары оқу ордамыз құрылысының қарқынды жүруіне жанды қамқорлық жасаған.

Тұсаукесер барысында шығып сөйлеушілер Кеңес Мұстаханұлының оқу ордамыздың өркендеп-өсуіне сіңірген еңбегіне егжей-тегжейлі тоқталып өтті. Медицина ғылымдарының докторы, академик Камал Ормантаев «белгілі ақын Рафаэль Ниязбектің «Аттан түспеген азамат» атты жыр жинағы Кеңес Мұстаханұлының ғибратқа толы ғұмыр жолына арналған, жастарымызға үлгі-өнеге боларлық туынды», деп атап өтті. Академик-сәулетші Әбдісағит Тәттіғұлов, атақты фармацевт Кеңес Үшбаев, белгілі жазушы Бексұлтан Нұржекеев өз сөздерінде ел ағасына жылы лебіздерін білдірді. Экономика жоғары мектебінің басшысы Баян Ермекбаева Кеңес Мұстаханұлының өзіне жасаған қамқорлығы жайлы тебірене әңгімелесе, филология факультетінің деканы Өмірхан Әбдіманұлы ел ағасының азаматтық тұлғасының сәулелі тұстарына тоқталды.

Жиын соңында Кеңес Мұстаханұлы



шәкірттер мен ұстаздар қауымына өзімен бірге келген әріптес-достарын таныстырып өтті. «Қазақтың тұңғыш балалар оташысы Камал Ормантаевпен қатынасымыз үлкен достыққа ұласты. Осы университетті салған досымыз, академик Әбдісағит Тәттіғұлов Дінмұхамед Қонаев ағамызбен тікелей сөйлесіп тұратын. Жазушы Бексұлтан Нұржекеевпен өмір жолын бірге бастадық. Фармацевтика саласындағы тұңғыш ғылым докторы Кеңес Үшбаевпен жұбымыз жазылған емес», делі Кеңес аға.

Сөзінің соңында мәртебелі мейман университет басшылығына алғысын білдіріп, жастармен кездесулер жиі өткізіліп тұрса деген тілек білдірді.

**Ақмолдір ТІЛЕПБЕРГЕН,**  
баспа ісі және дизайн кафедрасы  
менгерушісінің орынбасары

В КазНУ состоялась встреча руководства университета с делегацией Malaysian Technology Development Corporation (MTDC, Малайзия). Темой повестки дня было обсуждение возможностей и перспектив сотрудничества университета с компанией MTDC.

## Перспективы сотрудничества

В мероприятии приняли участие ректор КазНУ Галым Мутанов, проректора, деканы факультетов, вице-президент компании MTDC Нур Амал Бин Морад, президент по корпоративной социальной ответственности Захария Забидин, директор департамента корпоративного обслуживания Мариама Дауд, советник Министерства торговли и индустрии Малайзии доктор Али Шер.

Открывая встречу, руководитель КазНУ Г.Мутанов поприветствовал гостей, ознакомил их с деятельностью и достижениями университета. В свою очередь Нур Амал Бин Морад, поблагодарив руководство вуза за теплый прием, рассказал о деятельности компании MTDC. «Наша компания занимается поддержкой программ по коммерциализации результатов научных исследований, а также технологий, разработанных университетами, исследовательскими организациями, частными компаниями и предприятиями. В составе MDTC функционируют пять центров при ведущих университетах страны, которые осуществляют подготовку специалистов для

предприятий компании», – пояснил гость. Также он выразил надежду, что КазНУ будет плодотворно сотрудничать с организацией MTDC. «С нашей компанией уже работают университеты из стран СНГ, и мы ожидаем, что КазНУ будет в их числе» – сказал он.

Ректор университета поблагодарил гостя за интересную презентацию, и отметил, что КазНУ располагает всей необходимой технологической базой и научным потенциалом для сотрудничества. «Мы готовы рассмотреть ваши предложения по кооперации и обмену опытом. КазНУ сегодня трансформируется в исследовательский университет, поэтому пример вашей деятельности для нас интересен и мы готовы к взаимовыгодному сотрудничеству», – подчеркнул Галым Мутанов.

В завершение встречи стороны выразили уверенность в том, что установление партнерских связей будет способствовать укреплению и расширению сотрудничества Казахстана и Малайзии в научно-образовательной сфере.

**Рустем АБРАЕВ**

**ҚазҰУ мен Цукуба университеті (Жапония)**

**«Кампус ішіндегі кампус»ынтымақтастық меморандумына қол қойды**



# СТУДЕНТТІК БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫ - ТЫҢ ИДЕЯЛАРҒА ТОЛЫ АҚПАРАТ АЛАҢЫ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының жанынан құрылған Студенттік баспасөз орталығы алғашқы басқосуын өткізді.**

Отырыста құтықтау сөз сөйлеген журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы орталықтың ҚазҰУ студенттері мен БАҚ өкілдерінің арасындағы алтын көпір болатындығына сенім білдірді. ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі филол.ғ.д., профессор Назгүл Шыңғысова Студенттік баспасөз орталығының мақсаты мен міндеттерін түсіндіріп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Баспасөз орталығында апта сайын белгілі қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, БАҚ өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылып, кәсіби практик мамандардың шеберлік сыныптары өткізілетіндігін атап өтті.

Студенттік баспасөз орталығының алғашқы отырысына қатысқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Баспасөз қызметінің өкілі Ақмарал Қуанышева мен «Қазақ университеті» газетінің бас редакторы м.а. Әйгерім Әлімбаева жарияланымдары көп, ең белсенді студентке жылдың соңында ректорат тарапынан ынталандыру шаралары болатындығын жеткізді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Жоғары

студенттік кеңесінің төрайымы Алима Дудинова университет имиджін нығайту мақсатында жарияланған студенттердің мақалаларына шолу жасап, орталықтың маңыздылығына тоқталды. «Орталықтың «Al-Farabi university – smart city» ғылыми-инновациялық жобасы аясында университет және жалпы қалашық өмірі туралы ақпарат таратуы университетімізге талапкерлердің көптеп келуіне де ықпал етеді», – деп қорытындылады ол өз сөзін.

Университет бойынша жазуға бейімі бар дарынды студенттер қауымын бір ортаға шоғырландыруды мақсат еткен Студенттік баспасөз қызметінің басты қызметі – ақпарат жинап, өндеп, тарату, университеттің имиджін жылжыту мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарына материалдар дайындап, жариялау. Қазақ ұлттық университетінде болып жатқан жаңалықтар мен студенттік өмірдің қызықты тұстарынан хабар беру. Орталықта журналистика факультетінің студенттерімен қоса өзге факультеттердің қаламы қарымды студенттері өз білімін жетілдіріп, шығармашылығын шыңдай алады. Студенттер дайындаған

телесюжеттер мен радиохабарлар ҚазҰУ теле-радио кешені арқылы оқу орнындағы ғимараттар мен жатақханаларға таратылса, жазылған мақалалар «Қазақ университеті» газетінде, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Сонымен қатар, алдағы уақытта университетімізден тыс өзге де жоғары оқу орындарымен, мектептермен, қалалық газет-журналдар, телеарна және радиолармен тығыз байланыста жұмыс істеу жоспарлануда.

Алғашқы мәжілісте Студенттік баспасөз клубының студенттер арасынан жетекшілері тағайындалды, олар: факультеттің 1-курс магистранты Торғын Әбушахман және 3-курс студенті Алмас Маратұлы. Өз кезегінде Т. Әбушахман қатысушыларды орталықтың мақсат-міндеттерімен, жоспарларымен және жұмыс жасау механизмдерімен тереңірек таныстырса, А. Маратұлы орталыққа оператор, монтаж жасаушы, фотограф, дизайнер студенттердің қажет екендігін айтты.

Сондай-ақ баспасөз клубының логотипін жасауға жүлделі байқау жарияланып, нәтижесі 25 ақпан күні өтетін орталықтың кезекті ресми отырысында жарияланатыны келісілді.

**Сәуле МАҚҰЛБЕКОВА,**  
журналистика факультетінің  
4-курс студенті

## Удостоен звания

Маслихатом г. Костаная профессору КазНУ, академику НАН РК Сағындыку Сатыбалдину присвоено звание «Почетный гражданин города Костаная».



Сағындық Сатыбалдин является заслуженным деятелем науки и техники РК, Президентом Международной Академии Экономической Евразии, президентом некоммерческого Фонда «Халық каһарманы Сағадат Нурмағамбетов».

Академик Сағындық Сатыбалдин – признанный в стране и за рубежом ученый-экономист, профессор. Под его руководством подготовлено к защите 20 магистрантов, 64 кандидата экономических наук и оказана научная консультация в подготовке 22 докторов экономических наук. Им опубликовано более 500 научных трудов, исследовано и разработок, в том числе 20 монографий, 25 коллективных монографий, учебных пособий и брошюр. Многие из них изданы в СНГ, США, Японии, Болгарии, Бельгии, КНР, Швеции и других государствах мира.

С. Сатыбалдин является обладателем многочисленных дипломов, грантов, медалей и орденов, не только казахстанских, но и международных организаций мира. Недавно профессор стал лауреатом премии «Алтын Адам» 2014 года в номинации «Деятель науки». Среди лауреатов данной премии, с начала ее существования, Сағындық Сатыбалдиевич стал первым ученым-экономистом, удостоенным этой награды.

Соб. корр.

Жалғасы. Басы 1-бетте

# БҰА МЕКТЕП БҰРЫНҒЫ МЕКТЕПТЕН ӨЗГЕРЕК..

NS радиосының бағдарламалар бөлімінің директоры Тимур Сержанов пен «Қазақ радиосының» саяси жаңалықтар шолушысы Мұхамедәлі Болатұлы радиода жаңалықтарды қалай дайындаудың жолдарын көрсетті. Дәріс соңында шәкірттер өздері радиожаналықтар дайындап, микрофон алдында оқыды.

Сонымен қатар, «Хабар» арнасының тележүргізушісі Нұрсұлтан Құрман жаңалықтар арқылы ақша табудың жолын үйретсе, Әуесбайдың Қанаты деген атпен танылып жүрген «Қазақстан» ұлттық арнасының әйгілі тележүргізушісі Қанат Әуесбай қысқы мектеп қонақтарына «Телевидениедегі танымалдылық» тақырыбында дәріс оқыды. «Журналистің көрермен есінде қалу үшін не істеуі керек?» деген тақырыпта ой қозғаған тележүргізуші студенттерге өзін танымал еткен бірнеше аспектілерді айтып берді. Олардың ішінде тың тақырыпқа құрылған сюжеттерден бастап, өзгеше дауыс мәнері мен имидждік есімдер, киім стилі мен шаш үлгісі де кіреді. Бір күнді дәріс уақытына сыймай қалған лекциясын Қанат Әуесбай, студенттерге келесі күні сюжет барысында стэндап жасау әдісімен жалғастырды. Шеберлік сағатының соңында тәлімгерлерге арнайы тақырып беріп, камера алдында стэндап жасатты.

Қысқы мектептің қабырғасында болашақтың медиасы – интернеттегі табыс көздері туралы блогер Жалғас Ертай ашық әңгіме жүргізсе, «Қазақ интернеті» қоғамдық бірлестігінің бас директоры Серікқазы Кәкібаланов болашақ журналистерге қажетті қосымшалар мен бағдарламалар жөнінде ақыл-кеңестерін берді. Ал интернет желілерінде «Өркеннің өрнегі» атты есіммен танылып жүрген «Хабар» арнасының әлеуметтік роликтер бөлімінің сценаристі Өркен Кенжебек тәлімгерлерге «Видеоконтент: әлеуметтік және вирустық роликтер» тақырыбында дәріс өткізді. Дәрісін құрғақ сөзбен қайырып қана қоймай, айтқандары тыңдарманға түсінікті болуы үшін сөзінің соңын видеолармен сабақтап отырды. Дәрістен алған әсері туралы журналистика факультетінің студенті Жадыра Аққайыр: – Соңғы кездерде вирустық видеолар таралымы көбейіп кетті. Ал, көрген адамға ой салар әлеуметтік роликтердің саны шектеулі.



Оны тек арнайы тапсырыспен ғана түсіреді екен деп ойлағандарға "өзіңнен баста" деп ұран тастаған Өркен Кенжебектің тренингі әдеттегідей жоғары бағаға ие болды. Алдағы уақытта "риторика" туралы шеберлік сабағын тыңдағымыз келеді, – деді.

Шара соңында Қырғыз қоғамдық телерадио хабар тарату корпорациясының «Достук», «Биринчи» радиоларында студенттік радио жобаларды әфирге шығару туралы келісім жасалды. Сонымен қатар, қысқы мектеп аясында ұсынылған ең үздік жобалар мен идеялардың авторлары «Қазақ университеті» баспа үйінің демеушілігімен тағайындалған арнайы шәкіртаққа ие болды. Олар: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Мейірхан Амангелді, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің студенті Серікхан Жүзев және М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Тәңірберген Ақбөпе. Серікхан Жүзев: – Биылғы қысқы мектептің бергені мен берері мол. Заман ағымына қарай

бейімделген журналистерді қалыптастыру – қоғам талабы. Еліміздің журналистика саласының майталмандары мен ғалымдары жас журналистерге арналған өзіндік жаңаша әдіс-тәсілдерімен бөлісті. Сондықтан әрбір қатысушы өз білімінің көкжиегін кеңейтті деп толық айта аламын. Қазақ журналистикасының беделін көтеру – ортақ іс. Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз, – деп пікірімен бөлісті.

Сондай-ақ әлеуметтік желілердегі ең үздік жазбалары үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Әсел Сарқытқа, «Тұран» университетінің студенті Игілікова Гүләлияға және Абай атындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын «Дарын» мектеп-интернатының оқушысы Жансая Себеповаға отандық «Brosh» әшекейлер өңдейтін компанияның өнімдері тарту етілді. Гүллия Игілікова: – Біз қысқы мектептен көптеген тілші және блогерлермен сұхбаттасып, өте тамаша әсер алдық. Болашақ журналистерге керемет тәжірибе болды деп білемін. Қазіргі уақытта дәл осындай іс-шаралар

жалғасын тапса өте керемет болар еді, – деп, ұйымдастырушыларға ризашылығын жеткізді. Айта кетейік, II Халықаралық Журналистика және коммуникация қысқы мектебінің ұйымдастырушысы әрі демеушілері: БҰҰ Қоғамдық ақпарат департаменті, ЮНЕСКО кластерлік бюросы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Тұран» университеті, «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігі, «Қазақ университеті» баспа үйі болды.

Журналистика және коммуникация қысқы мектебі аға буын мен бала буынның басын қосып, еркін пікір алмасу алаңына айналды. Сондықтан, болашақтың қамын бүгіннен ойлап, БАҚ өкілдерінің тәжірибесін жетілдіруге ұйытқы болған журналистика факультетінің баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Серікбайқызына біздің де алғысымыз шексіз!

**Әсел САРҚЫТ,**  
журналистика факультетінің  
2-курс студенті

**В КазНУ презентована книга  
«Кеңес Аухадиев» из серии «Өнегелі өмір»**



# Елдің өркендеуі әр азаматтың еңбегіне байланысты

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында экономикалық дамудың нақты бағыттарына тоқтала келіп, Қазақстан халқының ешқандай қауіптен қорықпай, сенімді өмір сүруінің кепілі болатын негізгі экономикалық өрлеу құралдарына тоқталды. Елбасы қиындықтардың уақытша, олардың Қазақстан экономикасының ішкі жағдайынан емес, сыртқы факторлардың әсерінен туындап отырған мәселе екенін тереңінен түсіндірді. Өз сөзінде Нұрсұлтан Әбішұлы: – Қазақстанның ішінде, экономикасында дағдарыс жоқ, халқымыздың алаңдауына негіз жоқ, – деп атап көрсетті.

«Дағдарыс келе жатыр, оған біз қалай дайынбыз, нені күтеміз?» деген сұрақтарға экономист сарапшылар, қоғам қайраткерлері өз пікірлерін айтуда. Мен де баспасөз бетінде бірнеше рет өз пікірімді айтқан болатынмын. Жаһандану заманында экономикалық дағдарыстың болып тұруы – заңды құбылыс. Дағдарыстар болған да, болады да. Капиталистік жүйеде өмір сүріп келе жатқан елдер бұл құбылысқа үйренген. Қазақстан 2007-2008 жылдары әлемдік қаржы экономикалық дағдарысынан аса қиналмай өтті. Азия дағдарысының да ел экономикасына зардабы түскен жоқ.

Экономикада фостер тосын пікірі (Фостер парадоксі) деген ұғым бар. Бұл ұғымды «үнемділік тосын пікірі» деп те түсінуге болады. Осы пікірге сүйенсек, егер бір кәсіпкер шығындарын азайтып, қаржысын қиын кезеңге сақтай бастаса, оның әріптестері де соны қайталай бастайды. Нәтижесінде жалпылай шығындарды азайту, басқа кәсіпкерлердің кірісінің азаюына әкеледі. Бұл іске мемлекет те қосылса, ел экономикасы дағдарысқа тезірек ұшырайды. Сондықтан бизнесті жобалағанда бизнес дамуының өсу қарқынын дұрыс жоспарлағаны тиімді. Тағы бір айта кететін жайт, бизнес дамуының тиімді қарқынын дұрыс болжаумен қатар, қор (резерв) қалыптастыруға да жауапкершілікпен қараған дұрыс. Мысалы бизнес 10 пайызға өссе, қолда бар қаржыны 20 пайызға өсіру тиімді. Нәтижесінде компания дағдарысқа ұшыраған жағдайда, одан шығудың қажетті қаржысы бар болады. Дағдарыстың экономикаға тигізер пайдасы да бар. Дағдарыс жағдайында тиімді қызмет істей алмайтын тиімсіз құрылымдар жойылуы мүмкін. Керісінше, бизнестің жаңа түрі ашылып, жұмыс орындары пайда болады. Ең бастысы, дағдарысқа дайын болып, одан шығудың қажетті экономикалық

құралдары мен тетіктерін әзірлеген жөн.

Елімізде дағдарыстың алдын алуға арналған іс-шара – «Нұрлы Жол» бағдарламасы. «Нұрлы Жол» бағдарламасының басты мақсаты – қиыншылық кезде экономиканың өсіміне ықпал етіп, қазақстандықтар үшін жаңа жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік туғызу. Ендігі мақсатымыз – осы «Нұрлы Жол» бағдарламасын дер кезінде, сапалы түрде іске асыру. Болашаққа апарар жолымыз осы.

Егеменді ел болғанымыздың алғашқы күніне бастап, Н.Ә. Назарбаев білім, ғылым, денсаулық салаларына айрықша назар аударып келеді. Кеше Үкіметтің кеңейтілген отырысында тағы да, осы салаларды жаңғырту жұмыстарын жақсарту қажеттілігіне тоқталды. «Бұл – болашақ экономикалық өсімге негіз қалауға мүмкіндік беретін адам капиталына салынатын ұзақ мерзімді инвестиция», – деп түйінделі Елбасы. Бүгінгі әлемдік экономиканың қиыншылық жағдайында денсаулық, білім, ғылым саласына деген қамқорлық бізді, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымын үлкен тебіреніске бөледі, болашағымызға деген үмітімізге қайрат-жігер берді. Елдің өркендеуі әр азаматтың еңбегіне, оның біліміне, жауапкершілігіне байланысты.

Заманымыз білекке емес, терен білімге сенетін заман. Ал терен білімге біз тек еңбекпен ғана жетеміз, яғни еңбексүйгіштігіміз басты құндылықтарымыздың бірі. Әлемдік деңгейде сапалы өмір сүргіміз келсе, әлемдік деңгейде еңбек етуіміз қажет, яғни адамның өз өмірінің сапасы оның атқаратын еңбегінің сапасының нәтижесі деп түсінуіміз қажет.

**Б. ЕРМЕКБАЕВА,**  
ЭжБЖМ деканы

В современных условиях мирового кризиса многие казахстанцы обеспокоены развитием экономики и возможностями изменения курса тенге. Следует отметить, что в Казахстане нет предпосылок для девальвации тенге. Угроза девальвации может возникнуть, когда истощаются золотовалютные резервы страны. Как известно, Казахстан по золотовалютным резервам имеет достаточные ресурсы. Так, с предкризисного максимума резервы увеличились на 43%, при этом не наблюдалось оттока капитала.

## КАЗАХСТАН ПРОТИВОСТОИТ УГРОЗАМ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ

По итогам 2014 года уровень золотовалютных резервов Национального Банка достиг 28,9 млрд. долларов, что демонстрирует рост на 17%. Приятно удивили показатели экономического развития, почти во всех секторах экономики отмечался устойчивый рост. Как мы знаем, в 2013-2014 г.г. принимались радикальные меры по преобразованию всех секторов экономики. Президент Республики Казахстан в феврале ушедшего года дал распоряжение о выделении 5,5 млн. долларов США из Национального Фонда РК для поддержания экономического роста страны. Наряду с поддержкой отраслей сырьевой промышленности уделялось внимание малому и среднему бизнесу, а также обрабатывающей промышленности.

Основной макроэкономический показатель страны (ВВП) за 2014 год показал прирост в 4,3%. К примеру, за этот же период ВВП Российской Федерации и Беларуси вырос лишь на 0,6 и 1,6 процентов соответственно. Как и ожидалось, рост в 4,3 процента был достигнут благодаря добывающему сектору экономики. Также был установлен рост в один процент в обрабатывающей промышленности. Учитывая специфичный характер этой отрасли, следует отметить, что это является хорошим результатом. Сельскохозяйственная отрасль продемонстрировала увеличение объема валового продукта на 0,8 процентов, т.е. в прошлом году этот сектор экономики оказался прибыльным. По всей вероятности, на это оказал влияние объем долгосрочных инвестиций в виде льготных кредитов 2010-2012 годов. Благодаря поддержке малого и среднего бизнеса со стороны правительства Республики Казахстан число зарегистрированных юридических лиц выросло на 4,4% по сравнению с аналогичным периодом

прошлого года. Таким образом, общие макроэкономические показатели Казахстана не представляют угрозы для курса тенге. Но тем не менее мы должны учитывать текущие геополитических процессы и проблемы мировой экономики.

Благодаря дальновидности нашего Президента, была разработана новая масштабная программа развития «Нұрлы Жол», отвечающая современным вызовам мировой экономики. Своевременно созданный Национальный фонд будет главным ядром повышения устойчивости казахстанской экономики перед внешними шоками. Накопленные в Нацфонде доходы от добычи сырья и его продажи помогут преодолеть мировой экономический кризис и стимулировать рост нашей экономики. Эти резервы по поручению Главы государства будут направлены на развитие приоритетных отраслей экономики – развитие транспортной, энергетической, индустриальной и социальной инфраструктуры, малого и среднего бизнеса.

Поэтому в казахстанской экономике кризиса нет, но для обеспечения устойчивого развития, в том числе укрепления национальной валюты – тенге и учета внешних факторов воздействия принимаются различные меры на уровне правительства. Казахстан имеет солидный золотовалютный резерв, Национальный фонд, успешно реализуются программы индустриализации страны, очень серьезные деньги выделены на программу по поддержке малого и среднего бизнеса, что позволит нам выдержать возможное влияние мирового кризиса.

**Г.А. САДЫХАНОВА,**  
к.э.н., доцент,  
зав. кафедрой экономики

# СЫН САҒАТТА МАҚСАТЫМЫЗ – АҢЫҚ,

11 ақпан 2015 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысын тағатсыздана күттік. Себебі, сыртқы экономикалық және халықаралық геосаяси ахуалды күрделендіріп тұрған оқиғалардың салқыны елімізді айналып өтпегені белгілі. Соның салдарынан халықтың бойында болашаққа деген үміт пен қорқыныш тең тұрған сәтте, бұл жиналыс барысында Қазақстан үшін айқын бағдарлар анықталып, Елбасы ел азаматтарының көңіліне сенім ұялатты.

Ең алдымен, Елбасы халықтың алаңдауына еш негіз жоқ екендігін атап өтті. Мұнай мен бағалы металдар бағасы соңғы жарты жыл ішінде күрт түскенмен, қазіргі таңда Қазақстан экономикасының іргесі мығым әрі дағдарысқа қарсы төтеп бере алатын әлеуетке ие екендігі анық.

2014 жылы 11 қарашада Қазақстан халқына Жолдауында «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты жарияланған болатын. Алдағы бір айдың ішінде осы шаралар кешені толықтырылып, дағдарысқа қарсы бағытталуы жөнінде Үкіметке нақты тапсырмалар берілді. Жалпы жиналыс барысында күн тәртібіндегі көптеген өзекті мәселелер қарастырылғанмен, келесі бағыттарға ерекше тоқталып өтуді жөн санаймын.

Біріншіден, жаһандық дағдарыстың әсеріне қарамастан халыққа әлеуметтік төлемдер қысқартылмайды. Халықтың мүддесін алғашқы орынға қоя отырып, «Нұрлы жол» бағдарламасы

аясында ауқымды инфрақұрылымдық жобалар қолға алынбақшы. Мысалға, автомагистральдар құрылысы, қолжетімді тұрғын үй құрылысы, «EXPO-2017» халықаралық көрмесі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және өзге де жобалар қосымша жұмыс орындарын ашып, ел экономикасының дамуына серпін беруді мақсат етеді.

Екіншіден, қарапайым азаматтарды қатты толғандырған ұлттық валютамыз тенгенің девальвациясы мәселесі болатын. Бағымызға орай, Елбасы осынау қиын сәтте ұлттық валютаның күрт құнсыздануына жол берілмейтінін айтып, ұлттық компанияларды тенгенің тұрақтылығын қолдауға шақырды. Сонымен қатар, болашақта шетел валютасына тәуелділіктен құтылу үшін ҚР Ұлттық банкі Үкіметпен біріге отырып экономиканы дедолларландыру бойынша жұмыстарды қолға алатын болады.

# БАҒДАРЫМЫЗ – БЕЛГІЛІ

Үшіншіден, шағын және орта бизнес өкілдеріне көрсетілетін көмек жалғастырылады. Кәсіпкерлер үшін айрықша қолайлы жағдайлар жасайтын ҚР «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар 2015 жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Бұдан бөлек, халықаралық Doing Business рейтингінде жоғары орындарға ие болу үшін қосымша заңнамалық ұсыныстар топтамасы әзірленуде.

Отандық кәсіпкерлерді қолдау мақсатында «Қазақстанда жасалған» акциясын бастау туралы ұсыныс өте орынды және өзекті болып отыр. Ресей Федерациясы тарапынан арзан импорттық тауарлар отандық өндірушілерді қиын жағдайда қалдырған белгілі. Сондықтан, аталмыш бастамаға әрбіріміз өз үлесімізді қосып, қазақстандық тауарларды тұтынып, оларға қолдау көрсеткеніміз жөн.

Келесі бір мәселе, өндірістегі еңбек өнімділігін арттырып, өндіріс шығындарын азайтып, отандық кәсіпкерлердің халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті болуы. Елбасы Кедендік одақ құрылмай тұрып кәсіпкерлерге қатан бәсекеге дайын болуды ескерткенін нық айтты.

Алайда, әлемдегі дағдарыстық жағдайды көре тұра, үнемдеу шараларын қолданбақшы болмайды.

**А. ЖИДЕБЕКҚЫЗЫ,**  
1-курс докторанты

ҚазҰУ-да дәстүрлі «Әл-Фараби» республикалық олимпиадасы басталды



# ДИПЛОМ ЕСТЬ, а что дальше?

**Диплом о высшем образовании для студентов выпускных курсов уже не за горами, а это значит, что уже сейчас необходимо задуматься о своей будущей карьере. Давайте рассмотрим различные варианты дальнейшей судьбы выпускника вуза.**

Вариант первый. Если студент понимает, что хотел бы заметно расширить полученные знания и/или посвятить себя научной деятельности, то прекращать учебу еще рановато. Таким выпускникам стоит задуматься о продолжении обучения в магистратуре как в отечественных вузах, так и за рубежом. Это прекрасная перспектива, которая открывает перед выпускником уникальные возможности максимально реализовать себя в будущей профессии.

Вариант второй. Большинство студентов после получения диплома о высшем образовании (а порой и до его получения) начинают усердно искать работу, что позволяет им обрести опыт непосредственно на рабочем месте. Важную роль в данном случае играет производственная и преддипломная практики, предусмотренные учебными программами университета. Нередко сотрудники организаций предпочитают принять на работу студента, прошедшего у них практику.

Вариант третий. Работа не по специальности также в последнее время становится выбором многих современных студентов, однако в погоне за достатком они не всегда понимают, что утрачивают часть своих навыков и умений, приобретенных в университете. Как правило, этот вариант характерен для тех студентов, выбор специальности которых был сделан их родными или они неправильно оценили свои возможности при поступлении в университет.

Вариант четвертый. Многие выпускники высших учебных заведений по окончании учебы решают устроить себе «отпуск» и «отдохнуть» от наскучивших им правил и требований, от необходимости вставать каждое утро с первыми лучами солнца. Если вовремя не взять себя в руки, то можно остаться безработным надолго, утратив уважение в глазах собственных родителей и друзей, а самое главное, в глазах самого себя. Такие затяжные отпуска и временные заработки утрачивают весь смысл высшего образования, которое далось не так уж и легко.

